

Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал  
Республиканский научно-методический журнал

3.2010

# ҚАЗАҚСТАН ГЕОГРАФИЯСЫ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ мектепте және ЖОО-да оқыту



ГЕОГРАФИЯ КАЗАХСТАНА И ЭКОЛОГИЯ  
преподавание в школе и вузе





САЛИТОВА С.О.,  
№7 орта мектептің география пәні мұғалімі.  
Алматы облысы, Қапшагай қаласы, Кербұлак ауылы.

# ҚАЗАҚСТАН ГЕОГРАФИЯСЫ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ ГЕОГРАФИЯ КАЗАХСТАНА И ЭКОЛОГИЯ

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

БЕЛГІБАЕВ Мұхит –  
география ғылымдарының  
докторы, профессор.

ЖАҚЫПБАЙ Достай –  
география ғылымдарының  
докторы, профессор.

КӨМЕКБАЕВА Балқия –  
Онтүстік Казахстан облысы  
білім департаментінің  
бастығы

МАМУТОВ Жекенай –  
биология ғылымдарының  
докторы, эколог, профессор.

МАЗБАЕВ Орденбек –  
география ғылымдарының  
кандидаты, доцент, Абай  
атындағы Алматы мемлекет-  
тік педагогикалық университеті,  
туризм кафедрасының  
менгерушісі.

ТҮСІПБЕКОВА Ғұлсім –  
педагогика ғылымдарының  
кандидаты, географ.

УВАЛИЕВ Талгат –  
зам.декана географо-эколо-  
гического факультета  
КазНПУ.

## Аяласаң – табиғатты аяла

Мамыр – Май  
Маусым – Июнь



Журнал 2003 жылдың  
қарашасынан бастап  
қазақ және орыс  
тілдерінде шыға  
бастауды.

Журнал издается с  
ноября 2003 года на  
казахском и русском  
языках.

Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал  
Республиканский научно-методический педагогический журнал

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Экологиялық мәдениет	
Шынықұлова Г.Н. Табигат – тәрбие бастауы.....	3
География және ғылым	
Буламбаев Ж.А., Увалиев Т.О., Сыдықова М.М. География және коғамның экономикалық мәдениеті.....	6
Ашық сабак	
Салитова С.О. Материктер, мұхиттар, ауа, су кабықтары .....	9
Мұғалім тәжірибелесінен	
Мырзахметова Ф. Жел.....	11
Мұфтахова Н. Онтүстік Америка материгінің табиғат зоналары.....	13
Жерімнің аты – елімнің хаты	
Сапаров Қ.Т. Сарыарқа оронимінің калыптасуының тарихи- географиялық астарлары.....	15
Из опыта работы	
Толокина Н.В. Пищевая и легкая промышленность Казахстана.....	17
Бұйтвиәдас Н. Н. Горы Казахстана. Разрушение гор.....	18
Доклад	
Демесинова Г.Т., Амирғалиев Н.А., Попов Н.Н. Распределение гребневика <i>Mnemopsis leidyi</i> в Каспийском море.....	22
Методические рекомендации	
Туромшина М.И. Изучение родного края на уроках географии.....	25
Дидактические игры на уроках естествознания.....	29

Редакция қызыметкерлері:

Сәуле МЫРЗАҒАЛИЕВА, Шайзат ЖАНКОТОВА

С. Торғын атындағы ПМУ-2010

академик С. Есісембек

Анар КАРАЕВА, Гульнаز ТУРЕБАЕВА атындағы ғылыми

КІТАПХАНАСЫ

## Құрметті оқырмандар!

Басылымдарға 2010 жылға жазылу жүріп жатыр.

Басылымдарға жазылуға инеттенген болсаныздар “Қазпочта” бөлімшелері арқылы жазылғандарының тиімді. Журналдардың бағасын “Қазпочтаниң” каталогынан іздел таба аласыздар.

Журналдардың аты мен индексі:

“Әдіскер мұғалім” – “Учитель методист” (инд. 75958); “Ауыл мектебі” – “Сельская школа” (инд. 75959); “Мектептегі кітапхана” – “Библиотека в школе” (инд. 75960). «Тәрбие жұмысы: мектепте және мектептен тыс мекемелерде» (инд. 75571); «Воспитательная работа: в школе и внешкольных учреждениях» (инд. 75572); «Преподавание в начальных классах: по всем предметам» (инд. 75573); «Бастауыш сыныпта оқыту: барлық пәндер бойынша» (инд. 75574); «Мектеп директорының орынбасары» – «Заместитель директора школы» (инд. 75575); «Орыс тілі мен әдебиеті: мектепте, колледже және ЖОО-да оқыту» – «Русский язык и литература: преподавание в школе, колледже и вузе» (инд. 75576); «Мектеп алды даярлық» – «Предшкольная подготовка» (индекс – 75627); «Бейнелеу онері және сызу: мектепте және ЖОО-да оқыту» – «Изобразительное искусство и черчение: преподавание в школе и вузе» (индекс – 75628); «Казакстан географиясы және экология: мектепте және ЖОО-да оқыту» – «География Казахстана и экология: преподавание в школе и вузе» (индекс – 75636); «Мектеп дәрігері» – «Школьный врач» (индекс – 75657); «Жалпы биология: мектепте оқыту» – «Общая биология преподавание в школе» (инд. 75142); «Ағылшын тілі мектепте» – «Английский язык в школе» (инд. 75143); «Педагогикалық кенес» – «Педагогический совет» (инд. 75144) журналдарына, орыс тілінде шығатын “Учитель Республики” (инд. 65221) газетіне жазылу жыл бойы, ай сайын жүргізіледі.

### ЕСІНІЗДЕ БОЛСЫН!

Ұсынылған материалдар жазу машинкесімен немесе компьтерде Times/Kaz шрифтісімен терілуге тиіс. Немесе 3,5 дюймалық көлемдегі дискетке материал текстін жазып жіберуге болады. Көлемі 4-6 бет шамасында болуы тиіс. Фотосурет 12x15 см, 2 данадан болуы керек. Суреттер, иллюстрациялар, сызбалар ете анық сыйыстыры тиіс, әрі тызық көзге түштілген стандарттың әріптегермен белгіленіп сыйылалы (2 дана). Жіберілген материал сонында автор туралы накты әрі толық мәлімет болуы кажет. Материалдарды көрсетілген мекен-жайға, яғни редакция тұрағына хатпен немесе электрондық поштамен жіберген дұрыс.

### ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть отпечатаны на пишущей машинке или в виде принтерных распечаток шрифтом - Times/Kaz, или на диске 3,5 дюйма с текстом статьи. Объем не более 4-6 страниц. К задачам, играм-упражнениям обязательно прилагать их решения, ответы. Фотография 12x15 см, четкая (2 экз.). Рисунки, схемы и чертежи должны быть выполнены четко и аккуратно, тушью на плотной бумаге, со стандартными обозначениями (2 экз.). Точные, полные данные автора и подпись в конце статьи. Материалы отправлять заказным письмом по адресу.

*Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын билдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты, қалқаңдалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға балмайды.*

*Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Переписку с читателями редакция не ведет. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале, допускается только с согласия редакции.*

ҚҰРЫЛТАЙШЫ  
ЖШС “Мұғалім-ЛТД”

Редакторлар:  
Р.ЕГІЗБАЕВА  
Д.ОМУРЗАКОВА

“Казақстан географиясы  
және экология” -

“География Казахстана и экология”  
журналы  
Казақстан Республикасы Мәдениет,  
акпарат және қоғамдық көлісім  
министрлігінде  
22.01.2003 ж.

Астана қаласында тіркеліп,  
№3535-Ж қуәлігі берілгей.

Басуға 30.03. 10 қол қойылды.  
Пішімі 84x108 1/<sub>16</sub>  
Шартты б.т. 2  
Авторлық б.т. 2,5  
Таралымы 500.

Редакцияның мекен-жайы:  
050057, Алматы, Тимирязев 99,  
(Гагарин көш. қылышы),  
кв. 34,  
тел/факс: 8 (727) 274-75-11  
275-23-93

ИП «Неся» басылды,  
Алматы к., Айнабұлак 80/11.

“Казақстан географиясы  
және экология” -  
“География Казахстана  
и экология”  
№3 (39), 2010 ж.

## ТАБИҒАТ – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ

ШЫНЫҚҰЛОВА Г.Н.,

С.Көпбаев атындағы орта мектептің мұғалімі.

*Табиғаттан бабамыз ала берген секілді,  
Дарқандықты қазаққа дала берген секілді.  
Еркелікті ерікті жеден алған секілді,  
Мөлдірлікті көгілдір көлден алған секілді.*

К.Мырзалиев

Казіргі заманның қатерлі апаты, ерекше зауал тәндіретін басты мәселесінің бірі – экология. Дүниежүзінде экологиялық дағдарыстын барған сайын өршіп бара жатканы баршаға аян. Қазақстан Республикасы да жер шарындағы экологиялық мәселелері бар елдер катарына жатады. Табиғат – адамның құнкөріс көзі. Бірак оны есеп-қисапсызы шашып-төгіп, ластап, бұлдіріп пайдалануға тиіс емеспіз. Табиғат – келер үрпактардың мекен-тұрағы, несібесі, көзбен көріп кызықтап, көніл тойдыратын куанышы. Ш. Үәлиханов «Сұлулықты, қоркемдікті түсіне білудің өзі үлкен эстетикалық тәрбие күші. Ұшқан құс, жүгірген ақ, озен-кол, тау-тас, өсімдіктер дүниесі, бәрі-бәрі адамға ләззат береді. Ес білгеннен бастап ата-анасының, үлкендердің өне бойы айтып отыратын өсінеттерімен тәрбиленген үрпак өзі де табиғатқа нұқсан келтірмейді және өзтеге де жол бергізбейді», – деген.

Сондықтан бүтінгі таңда жас үрпакқа үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесі мемлекеттік дентейде койылып отыр. Ол «Қазақстан – 2030» даму стратегиясында басты орын алған.

Табиғат! Осы бір жүрекке жылы, көнілге қонымын естілетін салиқалы сөзде қаншама терен мағына, ұлағаты мол ұфым, тұжырымы кен ой жатыр десенізші! Табиғат – құллі тіршілік атаулының құтты қоныс-мекені, алтын ұя-бесігі, күт берекесі. Ал адам үшін табиғат – ен қасиетті де қастерлі ұфым. Өйткені ол адамның өзін дүниеге келтірген аяулы Анасы, сондықтан да адамның табиғатты Ана деп құрметтеуінде өте үлкен мән жатыр.

Қазак халқының бар өмір-тіршілігі табиғатпен етепе байланыста болған. Сан ғасырлар бойы халқымыз сол өзін аялаған табиғат құшағында тіршілік ете жүріп, оның сан алуан күпия сырларына көніл бөлді және

сол туралы орынды тұжырым, пікірлерге келді. Халқымыздың табиғат жөніндегі ой-пікірлері табиғат құбылыстарымен, зандалықтарымен үнемі үндесіп жатты. Халық өзін табиғаттың бөлінбес бір бөлігі, құрамдас тобы деп есептеді. Соныктан да табиғатпен бірлікте өмір сүру қажеттігін ерте кезден-ак сезінді. Табиғаттың қатан жағдайына, түрлі өзгерістеріне сай көшіп-конып жүріп, өз шаруашылығын табиғатпен үйлесімді түрде жүргізіп отырды және табиғатқа аялы алакан, жылы жүрек сезімі, көздін карашығындағы қамқорлық қажет екеніне ерекше мән береді. Осылан орай халқымыздың да мінез-құлқы бірге-бірте қалыптасып, ондай қасиеттер атадан балаға, үрпактан үрпакқа асыл мұра ретінде жеткізіліп отырды.

Қазақ халқының халық педагогикасындағы асыл мұраларының бірі – табиғатқа деген аса зор сүйіспеншілігі мен оған деген асқан адамгершілік қасиеті. Халық ұфымында табиғат деген қасиетті сез туған жер, оскен ел, атамекен, аяулы олке, ауылым сиякты тұла бойына нәр беріп, жүргегінді шымырлататын аса қымбат сөздермен қатар тұрды. Белгілі жазушы әрі ғалым Акселеу Сейдімбеков өз шығармаларында халқымыз бер табиғат арасындағы үндестікті, бірлікті, сабактастықты ерекше атап өткен. Ата-бабамыз туған жеріне кіндік қанын ғана тамызып қоймаған, қажет болса, жүрек қанын да төге білген» деген табиғат пен халқымыз арасындағы өзара байланысты орынды бағалаған.

Халқымыздың табиғатқа деген зор сүйіспеншілігі табиғаттың көркем келбетін, арайлы ажарын, сұлулық сымбатын сезіне білуінен бірге-бірте қалыптаскан. Табиғат сұлулығынан, әдемілігінен, әсемдігінен бойына қуат, жүргіне шуак алып, аса зор інкәрлік сезімге боленген және табиғат сұлулығының алдында баз иген.

Халқымыздың мактандырылған ақын Мағжан Жұмабаев жырларында да туған жерге деген ыстық сезім мен зор сүйіспеншілік айрықша айтылған.

*Жаратылдым топырағыңан, сен – тубім,  
Жалғаны жоқ, бәрі сенен жсан-тәнім.  
Сенен басқа жерде маған қараңғы,  
Жарық болар Шолпан, Айым, сен – Құнім.  
Тәтті суың дәмі аузынан еш кетпес,*

*Калың нұың, қыр суына жер жетпес.  
Кең дағаңда ойын ойнаң қалсамыш,  
Жазу болып адамзатқа – ер жетпес!..*

Халқымыздың қайса, батыл да, батыр ұлдарының бірі Бауыржан Момышұлы: «Сұлулық дегеннің тамыры табиғаттану деген нәрседе жатыр. Мысалы, гүлді алайық. Сол гүлдерге біз сұлу емессің деп айта алмаймыз. Ол – табиғаттың жасаған сұлулығы. Андардың ішінде де сұлуы аз емес. Құстарды алып карасак, олардың ішінде де сұлулар бар. Сол себепті, қарағым, сұлулық деген нәрсенің озі табиғаттың көркі.

...Осы күнде ғалымбыз деп жүрміз, бірак табиғатка карсылық ету күнә», – дсп табиғат сұлулығын сезіне білу және оны аялау қажеттігін ерекше ескерткен болатын.

Ертерек кезде Қазақстан жерінде болған ғалымдар, саяхатшылар өз енбектерінде қазақ халқының табиғатты бақылай білу қабілетін, оған деген камкорлық касиеттерін ерекше атап өткен. Мысалы, белгілі ғалым А.Н. Формазов өз енбегінің бірінде: «Казактардың байқағыш көзі табиғаттағы тіршілік атаулыны үнемі бақылап отырған, олардың халықтық даналығы көптеген қызықты тұжырымдарды жинақтаған», – деген.

Казіргі экологиялық мәселелер бүкіл адам баласын ойландырып отырған кезде халқымыздың бұл салада қалдырған тағылымды, тәрбиелік мәні зор асыл мұраларына көніл бөлу ерекше қажет. Халқымыздың табиғатқа деген сүйіспеншілігі және оны көздің қарашығындай сактап келуі жайында казіргі үрпаққа өнеге-үлгі боларлық асыл мұралар, даналық ұфымдар, мақал-мәтел, нақыл сөз, аңыз-әнгіме арқылы жетіп отырған. Осындағы әрбір асыл мұраның өзінде каншама терең ой әрі тәлім-тәрбие өнегесі жатыр. Сондықтан да әрбір ұстаз, әрбір тәрбиеші өзінің күнделікті жұмысында халықтық педагогиканың асыл маржанына үнемі көніл бөліп, әрі оны пайдаланып отыруы туіс. Өйткені казіргі танда табиғат тағдыры ешкімді де тебірентпей қоюы мүмкін емес. Бұл арада ардакты азаматымыз ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың мына бір жан тебіренісі мен жүрек толғауы еріксіз ойға оралады: «Туған жердің тағдыры толғантпаған, жаны тебіреніп, ол туралы ойланбаған жігітті кайтіп азамат дейміз? Туған жердің қара тасын мактан ете білмеген

азамат бөгде жердің алтын тасын да мактап жарытпак емес».

Ерте кездерде халқымыз табиғаттың кейбір туындыларын киелі, қасиетті деп ұфып, оларды өлтіруге, жоюға болмайтынын уағыздаған. Сонымен бірге табиғат пен адамды біртұтас, бірінен-бірін бөлуге болмайды деп қараған. Сондықтан адам табиғаттан өз керегін ғана алып, қалғанына еш уақытта зиянын тигізбеген.

Халқымыздың мактанды Шоқан Уәлиханов: «Табиғат пен адам! Өзінің айтыңызы, тіршілікте одан ғажап, олардан құпия не бар? – дей келе, – казактар киеге үлкен мән береді. Табиғаттағы... кейбір жануарлар мен құстарды, қошпелі тұрмыска қажетті заттарды киелі деп қастерлейді. Осы аталғандарды құрмет тұту, ырым-жорасын жасап тұру, адам баласына байлық пен бакыт, күтәкеледі», – деп атап көрсеткен.

Халық табиғаттағы өздері қастерлеген жерлерді «Әулие бұлак», «Әулие ағаш» деп атап, оларды қөздін қарашығындай корғап отырған. Ал қарлығаш, акқу, ұлар, т.б. жануарларды жақсылықтың жаршысы, бақыттың бастамасы, игіліктің иесі деп ұясын бұзуға, балапанын алуға, не өздерін өлтіруге мүлде рұқсат егпеген. Әсіресе жабайы андарды буаз болған мерзімінде, төлдеген кезінде киесі ұрады деп есептеп, оларға да мылтық кеземеген.

*«Ұя бұзба! Бұзба – деймін балама,  
Өснегің қандай ғажап, жан ана!  
Тал-теректі тамырынан қиятын,  
Тас жүректер әлі де көп арада...  
Бұзба! – дейді аспан түгел, жер түгел!  
Сол отініші анамды еске келтірер.  
Анам болып ұлы Отаным сойлейді,  
Бұзылмасын дүние түгел, Жер түгел.*

Халқымыздың ерекше қастерлеп, талай ғасырлар бойы аялаған, қамкорлық жасап келген табиғат байстығының бір тобы – өсімдіктер әлемі. Өсімдік ішсе – тамак, кисе – киім, саялы аспан. Күнделікті каружарак, малына өріс, өзіне коныс болған. Осыған орай, халқымыздың өсімдікті аялағандығы, оны корғай билгендігі жөнінде үлгі боларлық асыл мұралар халық арасында кенінен таралған. «Көлдің көркі – құрак, таудың көркі – бұлак», «Ер – елдің көркі, орман, тоғай – жердің көркі», «Орман – ел дәүлеті, жер сәүлеті»,

«Сулы жер – нұлы жер», «Бағбан болсан, бак өсір, балам деп тағы өсір», «Бір ағаш кессен, он ағаш отырғыз», «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын», «Арманымен – ел сұлу, орманымен – жер сұлу», «Бабалары еккен шынарды балалары саялайды», «Ағаш ексен аяла, басында болар сая бақ», «Мын шыбық шаншып өсірсөн, халқына орман салғанын. Халқына орман салғанын, өзіне қорған салғаның», «Орман кеп болса, олжан көп», «Коранда малын болсын, көшінде талың болсын: мал аяғын, тал таяғын», «Өрісіне қарай мал өсер, өзеніне қарай тал өсер», «Ермен жеген ер өлмес», «Ермен – жанға дәрмен», «Андыш жеген ат өлмес», «Дана көптен шығады, дәрі шөптен шығады», т.б.

Коркыт атаниң артында қалған өсиет сөздерінде де: «Кара тауларын құламасын, саялы ағаш сынбасын, қанаттары қырқылмасын», – деген.

Ертедегі Байдалы ақын: «Биік тауға жараскан басындағы обасы, өзен-суға жараскан жағалай біткен коғасы», – деп табиғат көркін жырға қосқан. Ал Қашаған ақын орманның адам үшін маңызын ерекше толғаған:

*Жаңың сая табатын,  
Орман болған бұл ағаш,  
Корыққанда жалғызға,  
Қорған болған бұл ағаш,  
Нәсін болған бұл ағаш.  
Бесік болған бұл ағаш,  
Найзасына батырдың  
Сапта болған бұл ағаш.  
Каріп пenen қасірге,  
Куат болған бұл ағаш.*

Халқымызға талай ғасырлар бойы қорған болған орманды халық «қара орманым» деп кастерлеп келген. Дәл осындей сезімді ақын Ахметжан Нұртазиннің мына жыр жолдары айғақтай түседі.

*...Кінген келешектей оқалы орман,  
Гүлді оңір жанға сая, малға қорған.  
Бабамыз бауырында малын бағып,  
Үи салып, құрық алып, уық жонған...  
Осында табиғаттың бар асылы,  
Көркейген келбетімен дала сыны.  
Ақ қайын, жасыл желек қарагайлар,  
Секілді-ау көзіміздің қарашығы.*

Халқымыздың табиғатпен етene туыстығы, оны аялай билгендігі, тіпті бесік жырында айтылатын әлдінен құлакка әбден сініп қалғандығы «қөлге біткен құрағым, аспандағы жұлдызыым, мандайдағы құндызыым» деген табиғи теңеулерден де анық көрінеді. «Өркенін ессін, көсеген көгерсін» деген ак тілекті сөздер де өсімдік әлемімен тікелей үндесіп жатыр. «Бұтакты сындырма», «гүлді үзбе», «көкті таптама» деген сөздер бала санасына жас кезінен сініп өседі. Ертедегі табиғат жайындағы нақыл сөздер, өнегелі өсиеттер жырау мен ақындар жырындағы ойлы пікірлер-экологиялық тәрбие беруде және жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда өте құнды құрал.

*Тұған жерді сую — парыз,  
Сую үшін білу — парыз,  
Касиетін үғу — парыз,  
Күзетінде тұру - парыз!..  
Танымай отеміз бе киелі не?  
Кырсығы білмestіктің тиерінде...  
Ұрпағың даł болар ма ағаш таптай,  
Кәдімгі домбыраның тиегіне.*

М. Әлімбаев

Әрбір адам Табиғат – Ана алдында мәңгі-баки қарыздар екенін ешқашан естен шығармауы тиіс.

Ақын И. Сапарбаевтың сөзімен айтсак:

*Арман болсын халық деген, ел деген,  
Ешкім жолын бөгей алмас қолденең.  
Тіршілікті талбесікше тербеген,  
Қарыздармын қасиетті Жерге мен!*

Елдін бай болуы, құт-берекенін молдығы табиғатпен тікелей байланысты.

Табиғатты аялау, оған үнемі қамкорлық жасап отыру әрбір азаматтың адамгершілік борышы және парасатты парызы болмак. Оймызды корытындылай келе, сөзімізді Міржақып Дулатовтың мына жыр жолдарымен аяқтағымыз келеді:

*Тамаша аспан менен жері қандай,  
Зенғір тау, дария шалқар көлі қандай.  
Орман, тоғай, гүлденген бақшалары,  
Пайдаланған бұлармен елі қандай.*

Алматы облысы,  
Карасай ауданы,  
Аюжар ауылы.

## ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ

**БУЛАМБАЕВ Ж.А.,  
Абай атындағы ҚазҰПУ**  
**«Жаратылыстану» мамандықтары кафедрасының  
профессоры,**  
**УВАЛИЕВ Т.О.,  
«Елтану» кафедрасының доценті,  
СЫДЫҚОВА М.М.,  
«6N0116 - География» магистранты.**

Қоғам мен жеке тұлғанын қазіргі экономикалық мәдениеті, әрі осылардың мазмұны ғылымның аз зерттелген саласы болып калып отырған курделі де көп қырлы түсініктер болып табылады. Сондыктan атальыш макалада тек кана жас жеткіншектердің жеке басының географиялық мәдениетінін жалпы экономикалық тұрғыдағы құрамдас бөлігінің базалық негізі болып қызмет ете алатын әлеуметтік құндылықтар мен мінез-құлық, жүріс-тұрыс нормалары қарастырылады. Біздін түсінігімізде экономикалық мәдениеттің өзі адамдар мен тұтастай алғанда қоғамның тіршілік әрекеттерінің экономикалық, әлеуметтік және өзіндік адами мазмұнын көрсететін және экономикалық білімнің мазмұнына инкорпорациялана, енгізіле алатын материалдық және рухани құндылықтарды енгізеді. Зерттеу аясын, такырыбын ескерс отырып, материалдық құндылықтарға осынын даму деңгейі енбектің ауданараптық және облысаралық бөліну дәрежесін көрсететін, ал интеграциялық процестерінің экономикалық негізі қалыптасып келе жаткан жалпы қазақстандық нарық болып табылатын, Казахстан Республикасының шаруашылығын жаткызу керек. Қазақстан құрамындағы әрбір облыс шаруашылығының дамуы, олардың аймактық ерекшеліктерін ескере отырып, экономикалық және әлеуметтік дербестік жағдайларында жүзеге асырылып отыр.

Экономикалық мәдениеттің рухани құндылықтарына біз мектеп оқушыларының экономикалық санасезімінің дүниетанымдық ядросын құрауға тиісті ғылыми теорияларды, идеялар мен түсініктерді жаткызамыз. Рухани құндылықтар жүйесіндегі аса маңызды орынды жалпыадамдық маңызы бар елшін және тұтастай алғанда әлемнің қазіргі экономикасы осының негізінде құрылып отырған нарыктың шаруашылық теориясы, сонымен катар әлеуметтік-

жауапты қәсіпкерлік концепциясы алып отыр. Экономикалық мәдениеттің материалдық және рухани құндылықтары өзара тығыз байланысты және жүріс-тұрыс, мінез-құлық нормаларын қалыптастыру үшін негіз болып қызмет аткарады. Біздін зерттеуімізде өнім өндіруші, яғни қәсіпкер мен тұтынушының қоғамдық өмірдің экономикалық, саяси және рухани салаларындағы экономикалық жүріс-тұрыс, мінез-құлқының нормалары қарастырылады. Қоғамның экономикалық өміріндегі жүріс-тұрыс, мінез-құлық нормалары нарықтағы негізгі әрекет жасауши тұлғалардың – сатушы мен сатып алушының катынастарын реттеп отырады. Осы нормалар қоғамда қабылданған құндылықтар мен идеалдарға қатысты бағынышты, инструменталдық функция орындаиды. Өндіруші мен тұтынушының қоғам өміріндегі практикалық іс-әрекеттің бекітілген деңгейін, сонымен катар әр түрлі табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағдайдарға жүріс-тұрыс, мінез-құлық стереотипін көрсететіндіктен, олардың мазмұны бағалау сипатына ие болып келеді. Аталған зерттеуде жеке бас мәдениеттің қалыптастыру процесі окуптылардың орта мектептің 8-9 сыныптарында отандық, яғни Қазақстан географиясын зерделеуі, оқып-булу кезіндегі оку және практикалық әрекет жасау барысында жүзеге асырылатын оқыту-үйрету процесі ретінде қарастырылады.

Казіргі географияны тек ғылым ғана емес, сонымен катар мәдениет ретінде де қарастырған жән. Географияның ғылыми-әдістемелік негізі болып табиғат пен қоғамның өзара әрекеттесу концепциясы табылады. Оның мәнісі қоғам дамуының әрбір кезеңіне табиғи органды пайдаланудың белгілі бір сипаты сәйкес келетіндігінен тұрады. Өзара әрекеттесудің нысандардың бір біріне әсер ету процестерін, олардың өзара байланыстырылғын және бір нысанның екіншісін тудыруын көрсететіндігі белгілі. Табиғат пен қоғамның өзара әрекеттесуінде жетекші роль қоғамға тиесілі, дәл сол кезде табиғат оның тіршілік етуінің географиялық негізі мен қажетті шарты болып табылады. Өзімізге белгілі, В.И.Вернадский биосфераның жаңа күйге – осының кезінде адамның саналы қызметі, әрекеті оның дамуының анықтауши факторы бола бастайтын ноосфераға көшүі

туралы идеяны алға тартқан болатын. Ол ноосфераны биосфера мен қоғамның өзара әрекеттесуі кезінде пайда болатын, осы үшін табиғат зандарының ойлау зандарымен және қоғамның әлеуметтік-экономикалық зандарымен тығыз өзара байланыс тән болып келетін, ұйымдастырылтын сапалық түрғыдан жана түрі ретінде қарастырған болатын. Осы зандарды танып-біле және техниканы жетілдіре отырып, адам ғылымның мазмұнын кенейтіп және терендеп, оның табиғи және қоғамдық процестердің өрбүйнеге әсерін арттырып қана коймай, табигат пен қоғамға құндылық қатынастын жана түрін де қалыптастырады. Осылайша, Вернадскийдің ілімі, бір жағынан, география ғылымдары жүйесінің мазмұнына және әсіресе жалпыгеографиялық ядроны құру процесіне айтартытай әсерін тигізеді, ал екінші жағынан, географиялық білім арқылы жеке бас мәдениетінін қалыптасуына әсер етеді. Осыған байланысты табиғат пен қоғамның өзара әрекеттесуін ашуға ноосфералық тәсіл, амалды қолданатын қазіргі географиялық ғылым ғылыми білімнің объективті-занды дамуының қажетті нәтижесі ғана емес, жеке тұлғаның мәдени потенциалын құрт арттыра түсетін білім беру феномені де болып табылады. Сондыктан география, ғылым мен мәдениет ретінде, оның экономикалық қырларын коса отырыш, отандық ноосфералық географияның мектеп курсының мазмұнын интеграциялық негіздес қалыптастырудын аса маңызды қөзі болып табылады. География ғылымының Қазақстан географиясын оқыту кезінде мектеп оқушыларының экономикалық білімінің базалық негізdemесі болып қызмет ететін аспектілерін қарастырайық. Біздің пікірімізше, экономикалық білім беру барысындағы географиялық зерделеудін негізгі тақырыбы, аясы болып, табигат пен адамның өзара әрекеттесу түрлерінің бірі ретінде, адамның енбек әрекеті, қызметі болып табылады. Дәл сол уақытта зерттеу нысаны болып осындай өзара әрекеттесудің ең ірі таксондары ретінде географиялық жүйелер (геожүйелер) қызмет аткарады.

Ноосфералық амал-тәсілді қолдана отырып, қазіргі географияда енбек процесі осының барысында алуан түрлі функциялар жүзеге асырылатын, табиғат пен қоғамның басқарылатын өзара әрекеттесуі ретінде қарастырады. Әдетте, адамның енбек қызметінін, іс-әрекетінің «механизмінде» екі буын: табиғатты пайдаланудан көрініс табатын табиғи және өндірісті орналастыру мен халықты жайғастырудан көрініс

табатын қоғамдық буындар бөліп көрсетіледі. Бұл сонымен катар қазіргі геожүйелердің косарланған сапалық анықтылыққа ие болуымен де байланысты болып келеді: табиғи материя ретінде олар табиғат зандары бойынша өмір сүреді, ал олардың әлеуметтік манзызы бар нысандар ретінде «екінші өмірі» қоғам дамуының зандарымен анықталады. Ғалым-географтардың «геожүйе» түсінігін Жердің бетінде қалыптастан алуан түрлі аумактық кешендерді – табиғи, әлеуметтік, табиғи-әлеуметтік, экологиялық-әлеуметтік-экономикалық кешендерді белгілеу үшін қолданатындығын атап откөніміз жөн болады. Біздің зерттеуімізде геожүйе осында белгілі бір аумактық қамтыған табиғи және қоғамдық жүйелер үйлесімін тапкан жалпыгеографиялық кешен ретінде қарастырады. Осындай құрылымдардың тұтастығы шаруашылық, халық және табиғат арасындағы тікелей, кері және түрлендірілген байланыстарға жөн сілтеудің көмегімен анықталады.

Жалпы географияны, оның ішінде отандық географияны оқыткан кездегі экономикалық білім берудің мазмұнының ғылыми-теориялық негізі болып, табиғат пен қоғамның өзара әрекеттесу концепциясының құрамлас бөлігі болып табылатын экодаму идеясы қызмет етеді. Қазіргі географиялық әдебиеттерде кезінде «интенсивтік даму» деген ұғымды алмастыруға сәйкестік те қолданылуда. Ғылымда экодаму қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының экологиялық шектеулерді (аталған тарихи сәт үшін) ескеретін және өмір ортасы ресурстарын байытуға бағытталған (немесе олай болмағанда әлсіретуге, тауысуға бағытталмаған) сапалық түрғыдан жана түрі ретінде анықталады. Өзімізге белгілі, ғылым әлемнің географиялық көрінісінің негізінде жатқан білімдер жиынтығы ғана емес, жана білім алу жөніндегі іс-әрекет те болып габылады. Қазіргі ғылым географиялық әрекеттің өзара тығыз байланысқан алуан түрлі амалдарымен каруланған. Іс-әрекет, қызметтің тарихи дәстүрлі түрлері жекелеген қурамдас бөліктерді де, геожүйені тұтастай да географиялық бакылаулар, сонымен катар суреттеулер мен сипаттаулар болып табылады. Географиялық үлгілеу, олардың үлгілерін құрастырып түрғызу және зерттеу арқылы нақтылы географиялық жүйелердің құрылышын, қызмет аткаруын, даму динамикасын зерттеу болып табылады. Біздің зерттеуіміз үшін географиялық жүйенің әр түрлі құрамдас бөліктері арасындағы тұракты өзара



байланыстарды зерттеу тәсілі болып қызмет атқаратын, кеңістікте өзара әрекеттесудің жалпы үлгілері ерекше қызықты болып келеді. Үлгінің өзін ғана емес, олардың жүйелерін енгізетіндіктен, іс жүзінде олар күрделі, интегралды болып табылады. Географиялық жобалау өзіне, негізінен алғанда, табиғатты корғау максатындағы да, табиғи-шаруашылық пайдаланудағы да аумакты ұтымды ұйымдастыру жобаларын құрастыруды енгізеді. Географиялық іс-әрекеттің баяндалған түрлері бір бірінен жүзеге асырылатын іс-әрекеттің мазмұны бойынша да, сипаты бойынша да ерекшеленеді. Алайда олардың арасындағы ұқсастық кез келген іс-әрекеттің ақырғы кезеңі географиялық бағалау болып табылатындығынан тұрады. «Табиғат-коғам» жүйесін зерттеген кезде ол әркашан да бағаланып отырған нысан, мысалы, белгілі бір таксонометриялық дәрежедегі геожүйе мен бағалау субъекті – адамның іс-әрекеттің түрі мен формасы арасындағы қатынасты білдіреді. Әдетте бағалау табиғат пен қоғамның өзара әрекеттесуінің танып білінген объективті заңдылықтарына негізделеді. Сонымен біз, географиялық іс-әрекеттің Казахстан географиясын оқыткан кезде мектептің экономикалық білім беруінің мазмұнына инкорпорациялана алатын ғылыми білімдерін және түрлерін анықтадық.

Алайда география – бұл ғылым ғана емес, оның негізгі өзегі табиғатка, қоғамға және олардың өзара әрекеттесуіне құндылықпен карау болып табылатын мәдениет те. Казіргі қоғамың, мәдениет пен жеке тұлғаның мәнінің біз қабылдаған түсінігіне сәйкес, географиялық мәдениет өзара байланыскан екі құрамдас бөлік: географиялық мәдениеттің өзі мен оны өндіру процесі түрінде көрсетіле алады. Аталған зерттеуде отандық географияны зерделеп, оқып отырған жасөспірімнің жеке басының географиялық мәдениеттің пәндік-экономикалық құрамдас бөлігінің базалық негіздемесі болып қызмет етеге алатын әлеуметтік құндылықтар мен нормалар ғана бөліп көрсетіледі. Географиялық мәдениеттің өзі адамның географиялық ортадағы творчестволық қызметтің, іс-әрекеттің тақырып ететін әлеуметтік құндылықтар мен нормалар жүйесі болып табылады. Біздін көз-карасымыз бойынша, материалдық құндылықтарға ен алдымен адами қоғам үшін максатқалайыкты құрылым мен функционалдық қасиеттерге ие болып келетін мәдени ландшафттарды жаткызған жөн болады.

Сонымен бірге мәдениеттің аса маңызды бөлігін адам корғайтын, биосфералық және табиғи қорыктар, үлттық парктер мен табиғат ескерткіштері және т.б. түріндегі табиғи ландшафттар құрайды. Географиялық мәдениеттің рухани құндылықтарына адамның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен экологиялық қауіпсіздігінің өзара байланысын көрсететін, қоғамның экологиялық дамуының ғылыми идеясы жатады. Алайда рухани құндылықтар өзіне ғылыми дүниетанымды ғана емес, адамның үлттық дүниеге көзкарас жынтығынан және дүниені кабылдаудан көрініс табатын құнделікті тіршілік әрекеттің тәжірибесі де. Осындай тәжірибе өзіндік және білімнің өзге түрлеріне танылмайтын, негізінде әлемнің белгілі бір көрініс жатқан білім болып қызмет аткарады. Онда табиғат адамның «үйі». ал адам үйдің «кожайыны» ретінде көрініс табады. Сондықтан экологиялық-әлеуметтік-мәдени популяция болып келетін этиностиң дамуы, табиғат пен адамның озара қатынастарының этикасын қоса отырып, өзіндік үлттық мәдениеттің қалыптасуына алып келеді. Онда әлеуметтік танылғаның тіршілік әрекеттің биосфералық принциптерінің негізінде құрылған элементтері бекітілген. Осындай құндылықтарға халықтық агромәдениет, метеорология, сәулет өнері және көп ғасырлық ұжымдық тәжірибелін өнімі болып табылатын өзге де халық ғылымдары жатады. Рухани құндылықтардан өзге, қоғамның дамуы барысында халықтардың творчестволық іс-әрекеттімен жасалған және жасалып жатқан материалдық үлттық құндылықтардың маңызы зор.

Географиялық мәдениеттің материалдық және рухани құндылықтары өзара тығыз байланыскан және мектеп оқушысының географияны окуы барысында білімінің қалыптасуының, бағыт-бағдары мен тәжірибесінің қалыптасуының қажетті негізін құрайды. Географиялық ортадағы жүріс-тұрыс, мінез-құлық нормалары «табиғат-адам-коғам» жүйесіндегі қатынастарды реттейді. Экономика саласындағы жүріс-тұрыс, мінез-құлық нормасы табиғат пен қоғамның басқарылатын өзара әрекеттесуі ретіндегі саналы енбек қызметі болып табылады. Адамның қоғамның саяси өміріндегі қоғамдық ұстанымының көрсеткіші болып өмір сүру ортасын жақсартуға бағытталған табиғатты корғау қозғалысына («жасылдар» қозғалысы) қатысуы (немесе жәрдем көрсетуі) жатады. Мәселен, еліміздегі «Жасыл желек»

бағдарламасына мектеп оқушыларының көнінен қатыстырылуы. Рухани саладағы жүріс-тұрыс, мінез-құлық нормасы болып өкү немесе өзіне-өзі білім беру барысында ноосфералық ойлау принциптерін белсенді менгеру табылады. Біздін еліміздің қоғамдық өмірінің жанаруы адамның күнделікті өмірінде және қызметінде әлеуметтік нормалардың орындалуының объективтік жағдайларының қалыптасуына алып келеді. Корыта келгенде, аталмыш макалада ғылым мен мәдениет, әрі мектеп оқушысының жеке тұлғасы мен қоғамның экономикалық мәдениетін мазмұндық жағынан қалыптастыру көздері ретіндегі география, оның ішінде Қазақстан географиясы оқыту процесі барысында оқушылардың экономикалық білімінін құрамы мен құрылымын анықтайтынын біз жоғарыда баянлаптаған факторлар негізінде саралады. Осылайша біздін зерттеуімізде жеке тұлғаның географиялық мәдениетін қалыптастыру мектеп оқушыларының оку

және практикалық іс-әрекеті барысында жүзеге асырылатын процесс ретінде қарастырылады.

Әдебиеттер:

1. Карпеков К.Д, Бейсенова Э.С. Қазақстанның физикалық географиясы // 8-сыныпқа арналған оқулық. – Алматы, «Атамұра», 2008.

2. Ахметов Е., Карменова Н., Карабаева Ш., Асубаев Б. Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы // 9-сыныпқа арналған оқулық. – Алматы, «Мектеп», 2009.

3. Саипов А.А., Увалиев Т.О. Жаһандану кезеңінде әкүшілардың экономикалық білімін қалыптастыру // Вестник КазНПУ им. Абая. – Серия «Педагогические науки». 2009, № 4 (24). – С. 92-97.

4. Увалиев Т.О., Тургумбекова Н.М. «География» мамандығы қосымша мамандандыру және экономикалық білімді қалыптастыру мәселелері // Вестник КазНПУ им. Абая. – Серия «Естественно-географические науки». 2009, № 4 (22). – С. 43-46.

Алматы қаласы.

Aшық сабак

## МАТЕРИКТЕР, МҰХИТТАР, АУА, СУ ҚАБЫҚТАРЫ

САЛИТОВА С.О.,

№7 орта мектептін география пәні мұғалімі.

Оқушылардың откен тақырыптарда алған білімдерін тексеру, пысықтау, үйге алдын-ала шығарма жазу, жұмбак, макал-мәтел беріп, балалардың логикалық ойлау қабілетін, есте сактау қабілетін дамыту максатымен откен сабакта оларды шашшандыққа және сабакқа қызығушылығын арттыру, тәрбиелеу көзделді.

Сабактың типі: жарыс сабак.

Көрнекілігі: дүниежүзінің саяси картасы, Қазақстанның картасы, минералдар коллекциясы.

Сабактың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларды топталып тырығызу, топ капитанын белгілеу.

II. Жарыс барысы

1. Әр топтан 1 оқушы: шығады, қарсы топ картадан 10 географиялық атауды жасасырады. (әр жауапқа 1 үпай)

2. Әр топтан 3 оқушы шығып, тапсырма алады. Дүние бөліктерінін аты қандай мағына білдіреді?

1. Африка 4. Америка

- |   |               |
|---|---------------|
| 2. Азия   | 5. Австралия  |
| 3. Европа   | 6. Антарктида |
| 3. Екі топқа созжұмбақ беріледі. (Оқушылар шешеберді, жауабы сонынан тексеріледі) . |               |


I-топқа

	M			
A				
T				
E				
R				
I				
K				

Сұраптар:

- Х. Колумб ашқан дүние бөлігі. (Америка)
- Ен биік тау орналасқан материк. (Евразия)
- Қалталы кенгуру қай материкте мекендейді? (Австралия)
- Материктің тенізге сұғына еніп жатқан бөлігінде аталауды? (Түбек)
- Ен суық материк. (Антарктида)
- Тянь-Шань тауы қай дүние бөлігінде орналасқан? (Азия)
- Сахара шөлі орналасқан материк? (Африка)

## 2-топқа



Сұрақтар:

1. Атлант мұхитындағы шығанак. (Мексика)
2. Солтүстік ... мұхит. (Мұзды)
3. Тынық мұхитының теңізі. (Охот)
4. Оңтүстік Американың солтүстігіндегі теңіз. (Кариб)
5. Солтүстік Мұзды мұхитының теңізі. (Лаптевтер)
6. Атлант мұхитының теңізі. (Балтық)
7. Тынық мұхитының теңізі. (Жапон)
8. Үнді мұхитының теңізі. (Араб)
4. Эртөптың капитандары шығып, 10 сұраққа тез жауап береді

## 1-топқа

1. Жердің су кабығы.
2. Ең кіші материк.
3. Ең ұзын өзен.
4. Ең үлкен арал.
5. Ауаның 78% құрайтын газ.
6. Бор, әктас қандай тау жынысы.
7. Ең биік тау.
8. Жердің беткі құнарлы қабаты.
9. Астана қаласы қай өзеннің бойында?
10. Карагандыда не өндіріледі?

## 2-топқа

1. Жердің ауа кабығы.
2. Ең үлкен материк.
3. Ең терен көл.
4. Ең үлкен теңіз.
5. Ауаның 21% құрайтын газ.
6. Гранит қандай тау жынысы?
7. ҚР-ның ең ірі өзені.
8. Топырактану ғылымының негізін салушы кім?
9. Алматы қай таудың етегінде орналаскан?
10. Жезқазғанда не өндіріледі?
5. "Күлиялы кесте". Эр топ сұрақты өзі таңдайды, жауап бере алмаса, қарсы топ жауап беріп, үпай алады.

	10	20	30	40
I. Материктер Дүние бөліктері	1	1	1	1
II. Мұхиттар Теніздер	2	2	2	2
III. Ауа. Су	3	3	3	3
IV. Тау жыныстары Топырақ	4	4	4	4

Жасырылған сұрақтар:

- 10 (1) - Қазақстан қай материкте орналаскан?
- 10 (2) - Канша теңіз бар?
- 10 (3) - Ауа қандай газдардан тұрады?
- 10 (4) - Тау жыныстары қандай топқа бөлінеді?
- 20 (1) - Дүние бөліктері дегеніміз не?
- 20 (2) - Теңіз дегеніміз не?
- 20 (3) - Гидросфера қандай бөліктерден тұрады?
- 20 (4) - Гумус дегеніміз не? Ол қалай пайда болады?
- 30 (1) - Антарктида материгін неге мұз басып жатыр?
- 30 (2) - Картадан Атлант мұхитының теңіздерін, шығанактарын көрсөт?
- 30 (3) - Адам денесінің қанша % су құрайды?
- 30 (4) - Картадан мұнай өндірілетін жерлерді көрсөт.
- 40 (1) - Кай материк ен ыстық және неге ыстық?
- 40 (2) - Арал мен Каспий теңізі шын мәнінде не?
- 40 (3) - Формулаларды оқы, ненін формулалары?  $O_2$ ,  $H_2O$ ,  $CO_2$ , N.
- 40 (4) - Метаморфты тау жыныстары дегеніміз не? Оған не жатады?

Екі топтан екі бала шығады, көздері байланып калаған материгінің формасын тактаға салады. (5)

6. **Жұмбақ жасыру.** Топтар бір-біріне 3 жұмбактан жасырады.

7. **Тақырып қорғау.** 1-топка "Ауаның тіршілік үшін маңызы және оны ластанудан қорғау" тақырыбы бойынша шығарма берілген, соны оқиды.

2-топтың тақырыбы: "Дүние жүзіндегі тіршілік үшін судың маңызы және суды ластанудан қорғау" (5)

8. **Мақал-мәтеддер айту.** (5-тен)

Әр тапсырма бағаланып, үнай санын анықтау, женимпаз команданы құттықтау, бағаларын кою.

Алматы облысы,  
Капшагай қаласы,  
Кербұлак ауылы.

## ЖЕЛ

**МЫРЗАХМЕТОВА Ф.,**  
география пәнінің мұғалімі.

Окушылардың жел туралы білімдерін толықтыру, қызығушылықтарын арттыру, желдін пайда болу себептерін алдынғы сабактарда алған білімдеріне сүйене отырып окушылардың өздерінен аныктату, ойлау кабілеттерін дамыту сабактың максаты болды.

Сабактың типі: аралас.

Көриекілігі: глобус, әр түрлі географиялық карталар, суреттер, желдеткіш.

Сабактың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңінде 5 минуттық бақылау жұмысы және ауызша тапсырма аттынаны айттылады.

II. Ұй тапсырмасын тексеру.

а) Бақылау жұмысы.

		Жауабы		
1	Тұман	1	2	3
2	Бұлт			
3	Атмосфератық жауын-шашын			

1. Жел калай пайда болады?  
2. Көкжиектін кай жағынан сокқан жел қалай аталауды?

3. Желбағдар дегеніміз не?  
4. Оның будак, кабат, шарбы деген түрлері бар.  
5. Оның мөлшері 0-ден 10 балға дейін белгіленеді.  
6. Жер бетіне түсегін ылғал.  
ә) Карточкалар тарату.

III деңгейлік тапсырмалар.

Айлар	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII
Жауын-шашын	200	150	165	174	180	160	170	215	180	210	250	263

1-карточка.

